

## Директор жанындағы төртінші отырыс

№ 4

2021-2022 оқу жылы

Түркістан қаласы

20.11.2021

Қатысқаны: 42

Қатыспағаны: 0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылына қабылданған оқушылар құжаттарын тексеру.
2. Мектепшілік берілетін мектеп тарапынан тағайындалған жеңілдіктер.
3. Ұзартылған күн тәртібі жүйесін реттестіру.
4. БЖБ, ТЖБ кестесін құру.
5. Мектеп мұғалімдерімен тәрбиешілердің жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру.
6. Күнделік.кз
8. «Алтын Күз!» атты бастауыш сыныптар арасындағы көрме жоспары.
9. Түрлі мәселелер.

### Тыңдалды:

1) Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша *мектеп директоры Р.Т. Куатбекова* сөйледі.

Оқушының жеке іс қағазы (5 қосымша) әрбір мектепте және әрбір оқушыға мектепке келген күннен бастап бітіргенге дейін жүргізіледі. Оқушылардың жеке іс қағазына оқушы туралы жалпы мәлімет, сынып бойынша үлгерімділік қорытынды бағалар (үлгерім табелі) және марапаттау туралы жазбалар (мақтау қағазы, мақтау грамотасы) жазылады.

Екінші мәселе, мектеп тарапынан оқушыға қандай жағдайда жеңілдік қарастыратын және ата-ана өтінішін қабылдау барысында негізге алынатын мәселелер бойынша әлеуметтік педагог Д.Молдахметоваға сөз кезегі берілді.

Үшінші мәселе бойынша, тәрбие ісінің орынбасары М.Әленоваға сөз берілді. Ұзартылған күн тәртібі жоспары бойынша тәрбиешілердің атқарылатын негізгі міндеті әр сыныптың оқушылардың жеке дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды.

Төртінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Бимурзаеваға сөз берілді. 2021-2022 оқу жылына ҚР жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдестемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып біршама құжаттармен таныстырды. 2021-2022 оқу жылында тақырыптық күнтізбелік жоспар тақырыптарынан бөлек кмж-ларды да күнделік.кз-ке жүктеп отыратынымызы турасында түсіндірілді. Осы мәселе бойынша информатика пәні мұғалімі Қ.Ахметоваға сөз берілді: бұл жүйеге кім және қалай тіркеліп, қалай пайдаланады? Яғни, ұстаздың, оқушының, ата-ананың жеке кабинеті қалай пайлда болады? Ұстаздың міндеті баға қою, үй тапсырмасын жазу. Ата-ананың міндеті – баласының бағаларын қарап, танысып, сабақ кестесімен, үй тапсырмасымен, оның көлемімен танысу. Ал оқушының міндеті – сайттан үй тапсырмасын қарап, оны орындау. Күнделік-кз жүйесін толтыру барысында жіберілген олқылықтар түзету жұмыстары талқыланды. Келесі мәселе бойынша тәрбие ісінің орынбасары М.Әленоваға

сөз берілді. Бастауыш сыныптар арасында «Алтын Күз!» мерекесінде көрме өткізуде әр сыныпқа тапсырмалар берілді. «Күз» тақырыбына әдемі суреттер салу, табиғи материалдардан «Күздің гажайыптары» атты көрме бұйымдарын жасау ұйғарылды. «Алтын Күз!» мерекесіне жауапты тұлғалар қатарына бастауыш сынып мұғалімдері тағайындалды.

**Отырыстың шешімі:**

1. Оқушының құжаттарын реттеп қою.
2. Мектепшілік жеңілдік төлемақысы бойынша жеңілдік беру тоқтатылсын.
3. Мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру мақсатында сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланыста болып, олардың бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын назарда ұстасын.
4. Күнделік.кз жүйесі бойынша күн сайын есептер алынсын.
5. Жоспарға сай іс-шаралар уақытында өткізілуі әр сынып жетекшісіне жүктелсін.
6. Осы шешімнің орындалуы оқу ісі жөніндегі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларға міндеттелсін.

Төрайымы: Р.Т. Куатбекова

Хаттама толтырған: Т.Орынбаева

